

# ОТБАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРЫ



Орындағандар: Амангельдина Назерке  
Камил Айнур  
Нұрқанат Анель  
Смағұл Біржан  
Таймырза Зарина

Тексерген: Жаназарова З.Ж.

Отбасы құрылымы және оның іштей ұйымдастырылуы көптеген факторларға байланысты. Отбасы құрылымы, ең алдымен, ерлі-зайыптылардың типіне (яғни, үлгілі түріне) байланысты болады. Тарихта ерлі-зайыптылықтың моногамдық (біркелкілік) және полигамдық (көпнекелік) түрлері болған.

Ерлі – зайыптыларды сұрыптау тұрғысынан қарағанда – некелік эндогендік (яғни, белгілі бір топтың, әсіресе, қастаның ішінен болуы. Бұл алғашқы қауымдық қоғамға тән. Қазіргі уақытта тек қана өз ұлтында немесе діни қауымда болатын некелік) және экзогамдық (бұл, керісінше, некелікті белгілі бір топ немесе қастаның ішінен сұрыптап алуға тиым салу, мұнда некелік әрбір топтан серіктестік негізінде құралады) сияқты категорияларда болды.

# Отбасындағы билік құрылымы

```
graph TD; A[Отбасындағы билік құрылымы] --> B[демократикалық]; A --> C[авторитарлық];
```

демократикалық

авторитарлық



Отбасындағы билік құрылымы демократикалық немесе авторитарлық деп екіге бөлінеді. Отбасындағы авторитарлық билік әйелдің еркекке қатаң бағынуын, осыдан барып, отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастар қатаң тәртіп арқылы сипатталады. Отбасындағы демократикалық билік ерлі-зайыпты адамдардың қабілеттеріне қарай басшылық рөлдерді бөлуге негізделген. Мұнда әрбір отбасы мүшесі шешім қабылдауға қатысады, балаларды сендіру, нандыру, көз жеткізу негізінде тәрбиелейді, мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды. Отбасындағы билікті зерттеу ондағы адамдардың арасындағы функцияларды белгілеуге, ал, әрбір отбасы мүшесінің осы рөлдерді қалай орындап жатқанына, сонымен бірге ерлі-зайыпты адамдардың арасындағы түсінбеушілікті анықтауға әсер етеді.

Отбасының рөлдік құрылымы деп, ондағы жеке мүшелердің белгілі бір қоғамдағы ереже – нұсқауларға, әдет-ғұрыптарға, т.б. негізделген өзара іс-әрекет, қатынастардың жиынтығын айтады. Әдет – ғұрып, салт бойынша отбасында әйел адам үй шаруашылығын жүргізу, бала табу және баланы тәрбиелеу қызметін атқарса, ер адам үй және шаруашылық иесі, отбасының тұрақты тіршілігін экономикалық тұрғыдан қамтамасыз етеді. Сөйтсе де еркек пен әйел функциялары өзгеріп отыруы мүмкін. Бүгінгі күні көптеген әйел адамдар өндірісте жұмыс істейді және жалпы отбасылық шешімді қабылдауға қатынасады. Мұның өзі отбасының атқартын қызметінің барлық жағына әсерін тигізеді, әсіресе, демографиялық (туу) тәртібіне зор ықпалын тигізіп, жаңа сәбилердің дүниеге келуін азайтты, некелік айырылысу көбейіп кетті.



Отбасының құрылымы былайша анықталады:

- 1) оның мүшелері арысындағы қарым-қатынастар жиынтығы;
- 2) рухани, ізгіліктілік қарым-қатынастар жүйесі;

*Туыстық құрылым бойынша* отбасы былайша бөлінеді:

- 1) нуклеарлы отбасы (балалары бар ерлі-зайыпты жұп);
- 2) кеңейтілген отбасы (балалары бар отбасы және отбасымен бірге күйеуінің не әйеленің туысы тұрады).

*Жұбайлар арасында билікті бөлу құрылымы* бойынша келесі отбасыларды бөлуге болады:

- 1) эгалитарлы –тең құқықтылыққа негізделген;
- 2) авторитарлы- басты шешімді күйеуі (әйелі) қабылдайды.

*Балалар саны бойынша* – көп балалы, балалар саны орташа, аз балалы, баласы жоқ отбасы болып бөлінеді.

*Үй міндеттерін бөлу сипаты бойынша* — дәстүрлі отбасы (міндеттерді көбінесе әйелі атқарады) және ұжымдық отбасы (міндеттер бірлесіп не кезекпен атқарылады) болып бөлінеді.

*Бос уақытты өткізу сияқты бойынша* ашық отбасы (араласуға және мәдениет индустриясына бағдар алған) және жабық отбасы (бос уақытты үй ішінде өткізуге бағдарланған) болып бөлінеді.



Отбасының маңызы оның атқартын қызметі арқылы анықталады. Екінші сөзбен айтқанда, отбасының мазмұны мен қатынасы тікелей байланысты. Отбасының қызметі деген түсінік оның жүйесімен қатынасының жүйесін көрсетеді. Отбасы адамның бастапқы ұясы, қоғамдық-әлеуметтік негізгі компоненттерінің бірі бола отырып, көптеген әлеуметтік қызметтерді атқарады.

Отбасының қызметі қоғамдық тарихи жауапкершілікке оның мүшелерінің жігерлілігі мен еңбек сүйгіштігінде тәуелділігі мен қатар отбасының негізгі қызметтеріне тоқталайық.

Отбасының бірінші міндеті-ұрпақ жалғастыру қызметі. Бұл барлық тарихи кезеңдерде қоғам үшін де, жеке адам үшін де маңызды қызмет болып келеді. Бірақ жұбайлардың балалы болу тілегі, қоғамының қай кезеңінде болмасын, оны қанағаттандыратын әлеуметтік жағдайларға сәйкес өзгеріп отырған, қазірде солай.





Отбасының екінші маңызды қызметі – материалдық-экономикалық және тұрмыстық-шаруашылық мәселелері. Отбасының бұл қызметі қазіргі уақытта бірінші орынға көтерілді, себебі халықтың әлеуметтік жағдайы төмендеп кетті. Ана ерінің – күйеуінің, туысқандарының көмегінсіз өмір сүре алмайтын дәрежеге түсті. Сонымен отбасы мүшелерінің экономикалық тәуелділігі артты, әсіресе көп балалы отбасында.

Отбасы мүшелерінің шаруашылық-тұрмыстық қызметтерін ерлі-зайыптылар атқаруы қажет. Қазақта «Үйлену – оңай, үй болу – қиын», «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген мақал сөздер бар. Оның мәнісі отбасылық өндірісті қйымдастыру керек, отбасылық меншікті, үй шаруашылығын жүргізу қажет деген сөз. Табыс табу, отбасы экономикалық-материалдық жағынан қамтамасыз ету ерлі-зайыптылардың ортақ парызы, отбасының беріктігі де осыған байланысты.



Отбасы ғылымында отбасы функцияларының анализіне көп назар аударылған. Психологтер көбінесе отбасына келесі функцияларды сипаттайды:

- Балалардың дүниеге келуі және оларды тәрбиелеу;
- Қоғамның құндылықтары мен салт-дәстүрін, әлеуметтік-тәрбиелеу потенциалының жүйелілігі мен реализациясын сақтау, дамыту және оны келесі ұрпақтарға беру;
- Адамдардың комфорт және эмоционалды қолдау, қауіпсіздік сезімі, құндылықты және өзінің «Мен» мағынасын, эмоционалды жылулық пен махаббат сияқты психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- Отбасының барлық мүшелерінің дамуына жағдай жасау;
- Бос уақыттарын бірге өткізу қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- Әкелік және аналық сияқты индивидуалды қажеттіліктерін, балалармен өзара контактілерін, оларды тәрбиелеу қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- Отбасының әрбір жеке мүшелерінің мінез-құлықтарына әлеуметтік контроль жасау;
- Отбасын қаржы жағынан қамтамасыз ету іс-әрекетін ұйымдастыру;
- Рекреативті функция – отбасы мүшелерінің денсалығын, оларға демалыс ұйымдастыруын, стресстік жағдайды түсіруін қадағалау;



Схема 6.4. Отбасы функциялары



Отбасылық психотерапевт Д.Фримен өзінің көзқарасын ұсынады. Оның ойынша отбасы мүшелерінің әлеуметтік ортамен байланысты орындайтын негізгі функцияларына келесілер жатады:

- Өмір сүруін қамтамасыз ету;
- Отбасын сыртқы факторлардан қорғау;
- Отбасы мүшелерінің бір-біріне қамқор болуы;
- Балаларды тәрбиелеу;
- Отбасы мүшелерінің индивидуалды дамуына физикалық, эмоционалдық, әлеуметтік және экономикалық жағдай жасау.

# Сонымен қатар отбасы функциялары

```
graph TD; A[Сонымен қатар отбасы функциялары] --> B[қауіпсіздік]; A --> C[гедонистикалық]; A --> D[фелицитологиялық];
```

қауіпсіздік

гедонистикалық

фелицитологиялық



Қауіпсіздік функциясы отбасы мүшелерінің биологиялық және әлеуметтік өмірлерін қорғайды, сонымен қатар қоршаған әлемнен келетін физикалық және психологиялық қауіптен қорғайды.

Фелитологиялық функция отбасы бағытын бастан кешіргісі келетін адамның арманы мен үмітін қолдайды.

## Қорытынды

Индустриялық құрылымының дамуы, демографиялық құрылымының өзгеруі, қоғамдық топтардың, таптардың қайта құрылуы, әлеуметтік өзгерістер әр уақытта отбасының өзгеруіне тікелей әсер етіп отырады. Кейінгі бірнеше ондаған, тіпті жүздеген жылдар аралығында жұмыр жер бетін мекендейтін көптеген халықтар мен мемлекеттерде отбасы дағдарысы белең алып бара жатыр деген пікірлер жиі айтылып жүр. Қазіргідей өркениеттің аса дамыған кезеңінде отбасы өзінің негізгі атқаратын әлеуметтік қызметі - өмірге ұрпақ әкелуді қойды, бұл құбылысты отбасын ыдыратушы, құлдыратушы институтқа (ұйым) айналдырды деп даурығады. Дегенмен, әрбір елде неке қидырғандар саны көбейіп келеді. Отбасының іштей байланыс-қатынастары күшеюде, мұның өзі сырт күштердің отбасын белгілі бір әлеуметтік институт ретінде жоюға шамасы жоқ деп батыл болжау жасауға, тұжырымдауға дәлел бола алады.

*Назарларыңызға  
рахмет!*

